

«№7 арнайы мектеп-интернаты» КММ
2023-2024 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға
сараптама

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:




I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар	121	100%
2	Отбасы түрі бойынша: Толық отбасылар	45	37,1%
3	Толық емес отбасылар	27	22,3%
4	Анасы жоқ балалар	4	3,3%
5	Әкесі жоқ балалар	5	4,1%
6	Көп балалы отбасы	21	17,3%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	13	10,7%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	6	4,8%

9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар		
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:	195	100%
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	58	29,7 %
2	Техникалық және кәсіптік	41	21,2%
3	Орта	96	49,2 %



Білім алушылардың өзге де санаттарын анықтау:

- Өгей әкесімен тұратын ұл бала және қыз балалар – 4 (3,03%);
- Бір анасымен тұратын ұл бала және қыз балалар – 0 ;



II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен

материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.


Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Қызылорда облысының білім басқармасының 28.07.2023 жылғы № 03-03/3272 санды хатына сәйкес, «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша бекітілген өңірлік іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып өткізілді. «Мектепке жол» республикалық акциясының мақсаты жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсету болып табылады.

«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, мектепшілік бұйрық шығарылып, комиссиясы құрылды. Ақция мақсатын іске асыру барысында мектеп-интернат оқушыларының ішінде мұқтаж деген оқушыларға қажетінше көмек көрсетілді:

Әр түрлі санаттағы балаларға қайырымдылық арқылы көрсетілген көмек түрлері:





Сынып бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған, сынып оқушыларының әлеуметтік паспорты толтырылды. Оның ішінде: сынып оқушыларының тізімі, жалпы саны, жас ерекшелігі, әлеуметтік статусы анықталып толтырылды.

Қызылорда облысының білім басқармасының 29.11.2023 жылғы № 03-34/5290 санды хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілетін «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық шыршаға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайы төмен толық емес отбасынан шыққан 6 «а» сынып оқушысы Сұлтанбек Мұхамедали Суеншіұлы ұсынылып қатыстырылды. Мұхамедәлиге планшет, жұмсақ ойыншық, роутер, кітап пен тәттілер сыйға берілді.





Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген, толық емес 1 отбасыға мектеп әкімшілігі демеушілік жасап 1 қап картошка, 3 кг рожки, 5 кг күріш, 2 кг алма, торт, жаңа жылдық сыйлық, 4 кг ұн, 2 литр май көмек берілді.



III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілер, ата-аналармен бірге «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Отбасының бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, балаға көңіл бөлдіру. Мектеп ата-ана арасындағы ынтымақтастықты арттыру. Білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақты ата-ана мен мектеп болып бірлесіп тәрбиелеу. Іс-шара барысында ата-аналарға отбасындағы басты мәселелерінің бірі-баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы міндеттері, қойылатын талаптар, үй еңбегіне қатысуы, оқу әрекеті, бос уақытын ұйымдастыруы, баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін отбасының атқаратын ролі туралы қызықты сұрақтарға жауап алынды. Сергіту сәтінде ата-аналар қимыл қозғалыс арқылы қойылған сұрақтарға жауап бере алды. Қорытындылау кезінде ата-аналармен «Кім көп біледі?» атты мақал-мәтел сайысы жүргізілді.



Жолдастық, адалдық, мейірімділік, достық туралы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қысқаметражды фильм көрсету. Мақсаты: Оқушыларға жолдастық, адалдық, адамгершілік және достық құндылықтарының мәнін қысқаметражды фильм арқылы түсіндіру және оларды өмірде қолдана білуге бағыттау.

Жолдастық, адалдық, адамгершілік, достық сияқты құндылықтарды оқушыларға қысқаметражды фильм арқылы жеткізу – олардың жас ерекшелігіне сай тиімді әдіс.

Қысқаметражды фильмдер оқушылардың назарын тез аударып, эмоциялық тұрғыда әсер етті. Әсіресе кіші және орта буын оқушыларына оқиға желісі арқылы берілген тәрбие әлдеқайда түсінікті әрі есте қалаларлық болады. Олар кейіпкерлердің іс-әрекетін көріп, жақсы мен жаманды ажырата бастайды. Фильмнен кейінгі талқылау барысында оқушылар достықтың мәнін, адалдықтың маңызын, адамгершілік қасиеттердің өмірдегі орнын түсінеді. Өз өмірімен байланыстырып, мысал келтіруге үйренді. Қорытындылай келе, бұл тақырыптағы сабақ оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына зор ықпал етті. Оқушыларға дұрыс бағыт беріліп, тиімді сұрақтар қойылып, сабақ әсерлі және тәрбиелік тұрғыда нәтижелі өтті.



«Баланың бас ұстазы- ата-анасы » тақырыбындағы ата-аналарға арналған тренинг өткізіліді. Мақсаты:Мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешуіне ықпал ету. Оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.Оқушылардың қоғамға деген азаматтық позициясын қалыптастырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Тренинг барысында оқушылармен «Танысу», «Бұл кім?», «Кім жылдам?», «Ең жақсы», «Мамандықты тап» ойындары, «Поезд», «Тілек ұшағы» жаттығулары жүргізілді. Қорытындылау кезінде оқушылар қағаздан ұшақ жасап, ол ұшаққа тілектерін жазып, бір-біріне сыйлау арқылы ыстық лебіздерін білдірді. Тренингтік жаттығулар оқушыларды бірлесе жұмыс жасауға, бір-бірінің ішкі ойын түсініп, тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.



IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.


V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей әкемен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, жылдық жұмыс жоспары жасалынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс жасау жоспары жасалынып, жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында жанұяның материалдық-тұрмыстық жағдайлары тексеріліп, отбасының тұрғын үйінің тұрмыстық жағдайын тексеру актісі толтырылды. Барлығы 15 отбасы оның ішінде:

1. Толық емес отбасы – 6 (4,54%)
2. Толық отбасы – 3 (2,27%)
4. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 6 (4,54%)



Ата-аналарға түрлі мәселелер бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Білім алушылардың жеке әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік карталары жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. *Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;*